

Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы қ.

26 тамыз 2022 жыл

KASE қаржы нарығының инфрақұрылымына арналған IOSCO негіз қалаушы қағидаттарын сақтау туралы есепті өзектендірді

"Қазақстан қор биржасы" АҚ жүйелік маңызы бар төлем жүйелері, орталық контрагенттер, орталық депозитарийлер, бағалы қағаздар бойынша есеп айырысу жүйелері, сауда-саттық репозитарийлері үшін халықаралық стандарттарды белгілейтін қаржы нарығының инфрақұрылымы (бұдан әрі – ҚНИҚ) үшін негіз қалаушы қағидаттарды сақтауға қатысты өзін-өзі бағалау жүргізілетіні туралы хабарлайды.

Өткізілген өзін-өзі бағалау туралы есеп KASE интернет-ресурсында жарияланды: https://kase.kz/files/mix/concept_info.pdf

Биржа алғаш рет 2019 жылы өзін-өзі бағалауды өткізді. Осы өзін-өзі бағалаудың нәтижелері бойынша ҚНИҚ толық сәйкестігіне қол жеткізу жөніндегі іс-қимыл жоспары белгіленді. Ағымдағы жылы аталған жоспарды іске асырғаннан кейін ҚНИҚ сәйкестігіне кезекті өзін-өзі бағалау жүргізілді, оған сәйкес Биржа 19 қағидатқа толық сәйкес келеді және 24 қағидаттың екеуіне жартылай сәйкес келеді. Биржаға үш қағидат қолданылмайды, өйткені олар депозитарийлер немесе репозитарийлер үшін қызмет стандарттарын белгілейді.

Биржа клирингтік қызметті, орталық контрагенттің функцияларын және барлық биржалық нарықтар үшін банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын инфрақұрылымдық ұйым ретінде ҚНИҚ сәйкестігіне өзін-өзі бағалауды жүргізеді, биржалық нарықтарға қатысушыларға олар жасасқан мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік береді, орталық контрагент қызмет көрсететін нарықтардағы жүйелік тәуекелдерді барынша азайтады.

Principles for financial market infrastructures (ҚНИҚ) 2012 жылы төлем және есеп айырысу жүйелері жөніндегі комитетпен (Committee on Payment and Settlement Systems) және Халықаралық бағалы қағаздар жөніндегі комиссия ұйымының кеңесімен (IOSCO) қалыптастырған.

ҚНИҚ қаржы нарықтары инфрақұрылымдарының қауіпсіздігі, тиімділігі және тұрақтылығы саласында ең үздік стандарттарға қол жеткізуге ықпал етуге арналған. Сандардың толық сәйкестігі сапа мен инфрақұрылым тәуекелдерін азайту көрсеткіші болып табылады.

ҚНИҚ сәйкес, орталық контрагент жұмыс істейтін нарықтарда мәмілелерді көпжақты өзара есепке алу және барлық қатысушылар үшін тәуекелдерді бақылаудың неғұрлым тиімді құралдарын белгілеу арқылы қатысушылар үшін кредиттік тәуекелдерді төмендету, сондай-ақ орталық контрагент қызмет көрсететін нарықтарда жүйелік тәуекелдерді азайту қамтамасыз етіледі.

Өзектендірілген өзін-өзі бағалау Биржаның орталық контрагент ретінде негізгі халықаралық қағидаттарға сәйкес келетінін және клирингтік қатысушылар мен олардың клиенттеріне қажетті сервис деңгейін ұсынатын қазіргі заманғы клирингтік ұйым болып табылатынын растайды.

Биржа өз қызметін IOSCO ҚНИҚ-пен толық сәйкестікке келтіру үшін іс-шараларды жүзеге асыруды жалғастырады.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржаларының арасында екінші орынды және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша бесінші орынды алады. Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар,

халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетелдік валюталар, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы. KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ "Қор биржалары тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады. Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.

Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымы (IOSCO) – Ұлттық қор нарықтарын реттеу стандарттарын әзірлеу және IOSCO-ға мүше реттеушілер арасында ақпарат, оның ішінде қадағалау алмасу мақсатында Бағалы қағаздар нарықтарын реттеу мен қадағалау жөніндегі ұлттық органдарды біріктіретін ұйым.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz